



АЛАШ ЕЛІНІҢ ҚҰТТЫ ҚАДАМЫНА АҚ ЖОЛ БОЛСЫН!

Латын әліпбиіне көшу - қазіргі замана талабы, уақыт сұранымы. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында осы үрдістің мән-жайын анықтап, нақты ұсынысын халыққа жариялады. Аталмыш мақалада латын графикасына көшу-2018-2020 жылдары ұйымдастыру және әдістемелік жұмыстарына бағытталып, 2025 жылдары толық көшетіні жөнінде ұсыныс білдірді. Осы орайда Елбасы: «Күллі жер жүзі біздің көз алдымызда өзгеруде. Әлемде бағыты әлі бұлыңғыр, жаңа тарихи кезең басталды. Күн санап өзгеріп жатқан дүбірлі дүниеде сана-сезіміміз бен дүнетанымымызға әбден сіңіп қалған қағидалардан арылмасақ, көшбасындағы елдермен тереземізді теңеп, иық түйістіру мүмкін емес. Өзгеру үшін өзімізді мықтап қолға алып, заман ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойға сіңіруіміз керек», - деп өз ойын ортаға салды. Рухани жаңғыру үшін әліпбиді өзгерту қажет. Жазу дегеніміз - тек әріптердің тізбегі емес, ол ұлттық қасиетімізді, ұлттық табиғатымызды танытатын танымы терең таңбалар тізбегі. Әр халықтың жазуында сол халықтың өткен тарихының,

әдебиеті мен мәдениетінің ізі жатады.

Латын графикасын қолдану үрдісі бұрын бізде болған. 1929 жылдан 1940 жылға дейін он бір жыл бойы күнделікті тұрмыс-тіршілігіміз, рухани әлеміміз осы латын таңбаларымен әрекет еткен. Бүгінде латын графикасын әлемнің жетпіс пайызы қолданып отыр. Жаңа қаріпке көшу мәселесі ең алдымен түркі халықтарының тарихы мен мәдениетін бізге жақындата түспек. Өйткені түпкі тіліміз бір, сингармонизм заңымыз ортақ деңгей. Қазіргі өте өзекті саналатын ағылшын тілін үйрену де қиынға соқпайды. Себебі латын графикасы ағылшын алфавитіне өте ұқсас. Екінші бір басты мәселе - латын графикасы компьютер тіліне негізделген.

Қазіргі кезде компьютерсіз өмірді елестету қиын. Барлық салада компьютер, жаңа технология, инновациялар қолданылады. Өркениеттің ең озық үлгісі-бүгінгі жаңа технология. Осыларды жылдам игеріп, дамыған отыз елдің қатарына қосылу үшін латын графикасының алар орны ерекше. Бүгінгі таңда жаһандану үрдісі етек алды. Әлемдегі барша мемлекеттер бір-бірімен қоян-қолтық араласып, жаңа заманның ыңғайына бейімделуде.

Әлемдік қауымдастыққа ену

үшін алпауыт елдердің тілін, тарихын, мәдениетін игеру қажет. Осы тұрғыдан келгенде бізге әлемге ортақ латын әліпбиіне көшу - өміріміздегі өзекті мәселелердің бірі. Елбасымыз бастап берген осынау идеяны әрі қарай дамытып, іс жүзіне асыруға халық болып қолдап, әр адам жауапкершілікпен атсалысуға тиіс деп ойлаймын. Бұл бір күннің, бір айдың, бір жылдың шаруасы емес. Елбасы Н.Ә.Назарбаев бұл жөнінде өз ойын халықтың, кепшіліктің талқысына салып, уақыт беріп отыр. Ендігі жерде бәріміз бірігіп, осы заманауи істі қалыптастырып, дамытып өмірімізге енгізу болып отыр. Сондықтан да Елбасымыздың бұл өміршен бастамасын қолдайық, көмегімізді аямайық, ардақты ағайын!

Келешек үшін, болашақ үшін, кейінгі ұрпақ үшін осындай ұлы істерді өз мәнімен, өз жолымен атқаруға жәрдемімізді тигізіп жатсақ, қазақ халқы қашанда тектілігін сақтап, Мәңгілік Ел болары сөзсіз. Ендеше, ізгілікті іске сәттілік тілейік. Алаш елінің құтты қадамына ақ жол болсын!

Б.РЫСБЕКОВ,
Қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Талды жалпы орта білім
беру мектебі.

Шет шұғыласы.- 2017.- 24 қараша.- 4 б.